

1. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

9 сынып оқушысы сыныпта мұғаліммен әңгімелесіп отырып, оған: «Маған басқа оқушыларға қарағанда басқаша қарым-қатынас жасауыңызды қалаймын», - дейді.

Осы жағдайдағы мұғалімнің іс-әрекеті :

- A. Мен неге сені басқа оқушылардан ерекше бөліп қарауым керек, соны білгім келеді?»*
- B. «Мен неге басқа оқушыларға қарағанда саған басқаша қарым-қатынас жасауым керек?»*
- C. «Мен жақсы көру, бөліп алу деген ойындарды ойнағым келмейді!»*
- D. «Маған сен сияқты арызданушы адамдар ұнамайды».*
- E. «Егер мен сені басқа оқушылардан гәрі ерекше көрем десем сен өзіңді жақсы сезінетін бе едің?»*

2. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сыныптағы бір оқушы сыныптасын ұнатпайды, онымен бірге жұмыс жасағысы келмейтінін ашық айтады.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- A. «Сенікі дұрыс емес деп ойлаймын».*
- B. «Бірге жасауға тура келеді, амал жоқ».*
- C. «Бұл сенің тарапыңнан ақымақтық».*
- D. «Осы жағдайдан кейін ол да сенімен жұмыс жасағысы келмейді».*
- E. «Онда тұрған не бар?».*

3. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз қоғамдық көлікте досыңыз Серезаның автобус орындығында отырғанын, ал әжесі қасында тұрғанын байқадыңыз? Сіздің әрекетіңіз?

- A. Байқатпай әжесіне орын беру керек екенін білдіртем.*
- B. Ары қарап, байқамағандай боламын.*
- C. Ол өздерінің мәселесі. Өздері шешсін.*
- D. Қасына жақындап «Қандай тәрбие көргенсің? Қасында әжең тұр, ал сен отырсын», - деп айтам*
- E. Дәрекілік көрсетемін.*

4. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Екі ата-ана балалары жайында әңгімелесіп отыр. Біреуі мақтана қызына әкесі екеуі компьютер сыйлағанын айтты. Ал екіншісі оның дұрыс емес екенін айтты: "Бекер алып бердіңдер, енді компьютер алдында сағаттап отыратын болады, көруі нашарлайды, өмірге бейімделмеген, жан жақты болмайды", - деп кесіп айтты.

Сұраққа жауап таңдаңыз:

- A. Компьютер дұрыс пайдаланса өте пайдалы құрал.*
- B. Қазір компьютерсіз жүру мүмкін емес.*
- C. Компьютер ол ақпарат көзі.*
- D. Компьютер баланың денсаулығына зиян.*
- E. Компьютер бала психологиясына әсер етуі мүмкін.*

5. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіздің сыныптасыңыз сынып бөлмесін тазалаудан бас тартты. Ол фортепианада ойнауды үйреніп жүргенін, саусақтарын құртып алуы мүмкін екенін айтты. Осы жағдайдағы сіздің іс-әрекетіңіз:

- A. Қолына шүберек беріп, жай ғана жеңіл сұртуін сұраймын.**
- B. Қандай амалмен болса да оны қатыстырам.*
- C. Қолына шавбра беріп еденді жууға күштеп көндірем.*
- D. "Сен басқалардан артық емессің. Неге қалғандары сен үшін істеу керек", - деп айтам.*
- E. Бұл сенің міндетің*

6. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіздің сыныптасыңыз біреудің телефонын ұрлап алды. Сіз ұрлықтың куәгері болдыңыз.

A. Сыныптасыммен сөйлесіп, оның қылығының дұрыс емес екенін түсіндіріп, кешірім сұрай отыра телефонды иесіне қайтарып беруін сұраймын.

B. Көрмегендей кейіп танытам. Себебі, ол менен мықты, білсе соңы қиын болуы мүмкін.

C. Ересектерге (мектеп директорына, мұғалімге) хабар берем.

D. Сыныптасымның ата - анасына айтамын.

E. Осы жағдайды сынып талқысына салам.

7. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сізге шет елден оқу орнына түсуге үлкен конкурс шеңберінде, жазбаша емтихан тапсыру керек. Сіздің қолыңызға ойламаған жерден емтихан жауаптары түсті.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

A. Өз білімімді пайдаланып, алдын ала дайындалам.

B. Достарыма емтихан жауаптары туралы хабарлаймын.

C. Емтиханға қатысатын барлық талапкерлерге берем.

D. Ол жауаптарды мүлдем пайдаланбаймын.

E. Жауаптарды пайдаланамын

8. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Кешкі уақытта сіз бұзақылардың әйел адамға шабуыл жасап жатқанын байқадың. Қолыңда кездейсоқ ауыр зат бар (мысалы балға)

Сіздің осы жағдайғы іс-әрекетіңіз:

A. Құқық қорғау өкілдеріне хабарласамын.

B. Байқатпай өтіп кетем.

C. Бұзақыларды ақылға шақырамын.

D. Күш көрсетем.

E. Балғаны пайдаланам

9. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз – сынып жетекшісіз. Ата-аналар сыныпқа соңғы үлгідегі компьютер сыйлап, оқу жылының аяқталғанын атап өтуді ұсынды.

Осы жағдайда сіздің іс әрекетіңіз:

A. Бәрінен бас тартып, ата – аналармен әңгіме өткізем.

B. Сыйлықты қабылдап, шақыруға келісем.

C. Сыйлықтан бас тартып, бірақ шақыруды қабыл алам.

D. Шақырудан бас тартам, бірақ сыйлықты қабыл алам.

E. Қабыл аламын.

10. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Жасы егделеу кондуктор жолаушының ақшасын алып жатып, сізге жақындау жерге 1000 теңгені түсіріп алды.

Сіздің осы жағдайдағы әрекеңіз:

- A. Әрине , көтеріп, кондукторға беремін.
- B. Ол өзінің ақшасы өзі көтерсін.
- C. Кондуктор өзі түсірді, өзі алсын.
- D. Басқа біреу көтергенін күтем.
- E. Ешкімге білдірмей қалтама салып аламын.

11. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз автобуста келе жатырсыз, кенет ол бұзылып қалды. Сіз кешігіп тұрсыз. Автобустан шығып такси ұстадыңыз. Қасыңызда сіздің құрдасыңыз сіз жүрген бағытқа бара жатыр, бірақ оның ақшасы жоқ.

Не істер едіңіз?

- A. Ақшасы болмаса да барар бағытым бойынша жолдасымды ала кетемін
- B. Ол оның өз мәселесі.
- C. Естімегендей өтіп кетем.
- D. Қасымнан бір бағытта баратын адам іздеп көрем, жол ақысын аз төлеу үшін , егер шықса ала кетем.
- E. Жоқ, алып кетпеймін

12. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Автобус аялдамасының орындығында жатқан адамның жанынан көңіл бөлмей ондаған адамдар өтіп жатыр.

Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз?

- A. Барлық жауап дұрыс.
- B. Жанымда тұрған үлкендерді көмекке шақырамын.
- C. Қасына барып, бұл адамның жағдайын білемін.
- D. Бармаймын, бірақ жедел жәрдем шақырамын.
- E. Полицияға хабарласамын.

13. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Ата-анаңыз үйде жоқ кезде сіз өзіңіздің сыныптас достарыңызды үйге шақырдыңыз. Кешке үйде ақша жоғалғандығы анықталады. Сіз өзіңіздің ақша алмағаныңызды білесіз. Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

- A. Ата - анаңызға үйде қонақта сыныптас достарың болғанын және нақты кім екенін айтасың.
- B. Үндемейсіз, бірақ кейін өзіңіз ақшаны кім алғанын анықтайсыз.
- C. Сынып жиналысында сыныптастарыңызды айыптайсыз.
- D. Өз бетімен кім екенін анықтауға тырысамын.
- E. Барлық жауап дұрыс.

14. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз отырған автобусқа 8-10 жасар бала кіріп дауыстап ән айта бастайды, бітірген соң әр отырған жолаушыларға оған әні үшін ақша беруді сұрайды. Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

- A. Баламен сөйлесіп, оның неге мұндай іспен айналысып жүргенін анықтаймын, егер керек болса қолымнан келгенше көмектесемін.
- B. Оған ақша беремін, себебі ол тіленші емес, оны еңбегімен тапты.
- C. Ештеңе бермеймін, мен оған мен үшін концерт ұйымдастыр деген жоқпын.
- D. Дерееу полицияға хабарласып, мұндай жағдайда не істеу керек екенін сұраймын
- E. Барлық жауап дұрыс.

15. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Үйге қарай досыңызбен келе жатқан кезде сіз бетімен төмен жерде жатқан кісіні көресіз. Сіздің досыңыз оны бұрын көргенін, мүмкін ол адамның ішкілікке немесе есірткіге құмар екенін айтады.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

- A. Ештеңеге араласпаймын, бірақ, полицияға хабарласып көргенімді айтамын.*
- B. Ештеңеге араласпай кетіп қалуға тырысамын.*
- C. Жерде жатқан адамды кері аударып не болғанын анықтаймын.*
- D. Ештеңеге араласпаймын, бірақ, болған жағдайды видеоға түсіріп You Tube-қа саламын.*
- E. Мен неге көңіл бөлуім керек*

16. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіздің ата – анаңыз пәтерге жоғарғы дәрежедегі интернет желісін қосып, осы қызмет үшін ай сайын 5мың теңге төлейді. Бірде, сіздің пенсионер көршіңіз сізге интернет желіге қосылу үшін рұқсат сұрайды. Өзінің өтінішін ол балаларының басқа қалада тұратынын, ал интернет олармен сөйлесу үшін қажеттігін айтады. Бірақ олар ай сайын 5 мың төлей алмайтынын айтады.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

- A. Пенсионерлерге менің желіммен ақысыз қолдануына рұқсат беремін.*
- B. Пенсионерлерге менің желіммен қолдануына рұқсат беремін, егер олар ай сайын маған 1мың теңге беріп отырса.*
- C. Өтініштерін қабылдамаймын.*
- D. Неге көмектесуім керек.*
- E. Өтінішіне мән бермеймін.*

17. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Спонсорлар мектеп мерейтойының құрметіне, ең үздік оқушыларға сыйақы ретінде 3 туристік жолдама бөлді.

Қалай және қандай принциптер бойынша сіз үміткерлерді таңдайсыз.

- A. Барлық жауабы дұрыс*
- B. Білім алушылар арасында конкурс өткізіп, нәтижесінде жолдама бөліп берем*
- C. Мектеп жиналысына сынып старосталарын шақырып, өз сыныбындығы оқушылардың оқу үлгеріміне қарай бөліп берем.*
- D. Сынып жетекшілеріне үміткерлердің тізімін беруін сұраймын.*
- E. Конкурс өткізу арқылы бөлемін.*

18. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сыныптасыңыз,досыңыз, сіздің көзіңізіше сыныптас қызды дөрекі сөздермен балағаттады,себебі екеуі есікте соқтығысып қалған.

Осы жағдайда не істер едің:

- A. Досыма олай істегені дұрыс емес екенін түсіндірем*
- B. Оның маған қатысы жоқ.*
- C. Ол қыз өзі кінәлі*
- D. Досыммен кейінірек сөйлесем*
- E. Мән бермеймін.*

19. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Жаңа сабақ түсіндіру барысында мұғалім, артқы жақтан бір дыбыс шыққанын байқады. Кім екенін білген ол.....

Оз жауабыңызды таңдаңыз

- A. Баланың көңілін аудару үшін топпен жұмыс жасау әдісін пайдаланамын.*
- B. Кедергі жасаған балаға келіп, ескерту жасаймын.*

- C. Тез арада ата - анасын шақыртам
- D. Күнделігіне ескерту жазам
- E. Шыдамдылық танытам

20. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз сынып жетекшісіз. Сыныбыңыз химия сабағының өту барысы ұнамайтынын ашық түрде басқа сабақтарда айтып отыр.

Осы жағдайда сіздің іс әрекетіңіз:

- A. Оқушылардан сабақтың не себепті ұнамайтынын сұраймын
- B. Мектеп әкімшілігінен мұғалімді ауыстыруын сұраймын
- C. Осы жағдайдан шығудың шешімін іздеймін
- D. Мән бермеймін.
- E. Мен міндетті емеспін

21. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Мектепке жаңа география мұғалімі келді. Сабақ сұрау барысында ол бір оқушыға жауабына төмен баға қояды. Келесі күні сол қыздың сынып жетекшісі келіп: кешегі төмен баға оқу озатына қойылған екен, ата-анасы шағымдану үстінде деп түсіндіреді.

- A. Жеке тұлғамен жеке жұмыс жасаймын.
- B. Оқушының ата - анасымен сөйлесіп кешірім сұраймын
- C. Оқушы алдында кешірім сұраймын
- D. Мектеп әкімшілігіне шешімін табуды ұсынамын
- E. Мән бермеймін.

22. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Лық толы автобусқа кіріп, мынадай жағдайға тап боласыз:

Сіздің сыныптасыңыз өтірік ұйықтап отыр екен, ал қасында үлкен кісі тұр екен.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

- A. Дереву озан ескерту жасаймын
- B. Мән бермеймін
- C. Елдің көзінше оны оятам
- D. Видеоға түсіріп алып, достарыма жіберемін.
- E. Көрмеген кейіп білдіремін.

23. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Кешке үйге қайтар жолда, сіз өз сыныптасыңыздың қақпаға дөрекі сөздерді жазып жатқанын байқадың.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

- A. Ескерту жасаймын
- B. Бірігіп жазам
- C. Байқамағандай болам
- D. Видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялаймын.
- E. Барлық жауап дұрыс.

24. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз I-сынып жетекшісісіз. Сынып оқушылары төбелесіп қалды.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

- A. Екі оқушымен жеке жұмыс жасаймын.
- B. Сынып жиналысын ашып, бейбіт жолмен шешемін
- C. Психологты, инспекторды, сынып жетекшісін шақыртамын
- D. Ата – аналар жиналысын жасап осы мәселені талқылаймын

Е. Барлық жауап дұрыс.

25. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз бастауыш сынып мұғалімісіз. Сіз оқушыларды үшінші сабақ біткеннен кейін асханаға апару керексіз. Барлық оқушылар екі-екіден қатарға тұрып, асханаға баруға дайын. Бірақ бір оқушы барудан бас тартуда.

Сіздің осы жағдайдағы іс-әрекетіңіз:

- A. Оқушыны басқа сыныпта мұғалімнің қарауында қалдыру.*
- B. Күш қолдану арқылы оқушыны сыныптан басқа оқушылармен бірге шығару.*
- C. Оқушыны жалғыз сыныпта қамап кету.*
- D. Еркінен тыс алып кетемін.*
- E. Оқушының дәлізде күте тұруын сұранамын.*

26. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз жұма күнгі кеітті сыныптастарыңызбен бірге өткізуге уәде бердіңіз. Бірақ сізге досыңыз хабарласып, сол жұма күніне театрға спектакль көруге шақырады.

Сіздің осы жағдайдағы іс-әрекетіңіз:

- A. Себебін түсіндіріп, театрға барудан бірден бас тартасыз.*
- B. Сыныптастарыңызға өзіңізді жайсыз сезініп тұрғаныңызды айтасыз.*
- C. Досыңызға өзіңізді жайсыз сезініп тұрғаныңызды айтасыз.*
- D. Сыныптастарымен қызық емес сондықтан театрға барамын.*
- E. Екі жақты да ренжітпеу үшін театрға да достарымада бармаймын.*

27. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сіз бастауыш сынып мұғалімісіз және сіздің сыныбыңызда қиын оқушы бар. Ол басқа оқушылардың заттарын жиі сұраусыз алады. Бір күні осы оқушы өзгенің ұялы телефонын сұраусыз алып, үйіне алып кетеді.

Сіздің осы жағдайдағы іс-әрекетіңіз:

- A. Оқушымен және ата-анамен жұмыс жасаймын.*
- B. Қиын оқушының ата-анасына хабарласасыз.*
- C. Оқушыны мектеп психологына апарасыз.*
- D. Барлық сыныптың көзінше оқушыны ұрлық жасады деп жала жабасыз.*
- E. Жағдаятты назарға алмаймын.*

28. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Әдебиет пәнінің жас мұғалімі 8 сыныпқа кіргенде, өзінің сәлеміне әскери түрдегі жауап алады. Бұл сыныптағы Санжар деген оқушы еді.

Сіздің осы жағдайдағы іс-әрекетіңіз?

- A. Сабақтан тыс, оқушымен жеке әңгіме жүргіземін.*
- B. Сыныптан шығарып жіберу: «Барып өзіңнің қылығыңды ойланып қайт».*
- C. Оқушының айтқанына мән бермей, сабақты жалғастыру.*
- D. Оқушының айтқанына мән бермеу, бірақ сабақтың ортасында шақырып, қиын тапсырма беру.*

E. Сәлемдесуін қабылдап: «О, әдебиеттің жанкүйері! Маған Сіздің көмегіңіз керек (дәптерледі тарту, тақтаны тазалау, техникалық оқу құралдарын жұмысқа дайындау және т.б.)».

29. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

8 ші «б» сынып оқушылары қоңырауда мұғалімнің келуін күтіп тұрған, кабинет есігі жабық. Мұғалім келіп, есікке кілт салғанымен аша алмады, Осы жағдайға байланысты сіздің әрекетіңіз:

- A. Басқа кабинетке бару*

- B. Есікті кімдердің бұзғанын анықтау*
- C. Мектеп директорына шағыммен бару*
- D. Ұстаны шақырып, есікті ашуға әрекет жасау*
- E. Балаларды сабақтан босату.*

30. Сізге ұсынылған жағдаятты мұқият оқыңыз.

Сабақ басталып кеткен, бірақ сыныптағы оқушылар шуылдап отыр. Сыныптың назарын сабаққа қалай аударыа тыныштандыруға болады. Сіздің әрекетіңіз:

A. Өткен тақырып бойынша сұрақ-жауап жүргізу арқылы баланың зейінін өзіне аудару.

- B. Үстелді тықылдату*
- C. Сыныптың алдында бірнеше минут үнсіз тұру*
- D. Сынып кезекшісін шақырып, тақтаны тазалауын өтіну*
- E. «Сабақ басталды!» деп айғайлау*